

Қазақ жұрты тәуелсіздігімен қауышқалы әлемнің алпауыт елдерімен үзгені қағыстыруға талпынуда. Осы мақсатта Елбасы Н. Ә. Назарбаев бүгінге дейін қаншама реформаларды жүргізгені белгілі. “Қазақстанның Үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік” атты Жолдауы бұрынғылардан айырықша. Елбасы атап өткендей, Қазақстан тәуелсіздіктің үшінші мүшеліне аяқ басты. Әлем бойынша дамыған елу елдің қатарына еніп, ендігі мақсатты отыздықтың қатарына бағыттадық. Оның орындалуы үшін Президент нақтылап берген жоспарды бірлік пен берекемізді жарастырып, жүзеге асыруымыз шарт. [generic cialis bogus](#) [private prescription cialis](#) [cialis discount coupons](#) [buy cialis soft online](#) [cialis 20mg lilly](#) [online cialis dreampharmaceuticalscom](#) argaiv1934

Бүгінгі таңда Жамбыл ауданына қарасты Благовещенка ауылдық округінде үш жарым мыңға жуық адам тұрады. Халықтың әлеуетін көтеруге бағытталған түрлі реформалар мен бағдарламалардың пайдасын көріп отырған Благовещенка, Богдановка, Майбалық, Талпын ауылдарының тұрғындары негізінен ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіреді.

Ауыл шаруашылығы – елдің асыраушы саласы. Бүгінгі таңда осы салаға мемлекет тарапынан қолдаулар жасалып, жерді өмген дикандардың, қамшы ұстап, мал қайыргандардың берекесі артып, ырысы еселенуде. Бүгінгі таңда округте алты фермерлік, сегіз шаруа қожалығы, үш жауапкершілігі шектеулі серіктестік бар. “Коктемнің бір күні жылға азық” деген дикандар күнарлы жерді ырысының қозіне айналдырды. Әрі мемлекеттің қолдауы да мол астық алуға жағдай жасап отыр. Мәселен, округтегі өгіншілікпен айналысатын шаруашылықтарға 6 млн. 811 мың теңге субсидия бөлінді.

Ал нәсібемді малдан табамын деген шаруаларға арналған бағдарламалардың арқасында округте торт түліктің саны артты. Қазіргі уақытта 1 169 бас ірі қара, 675 шошқа, 3 261 қой-ешкі, 7 793 күс бар. Округ тұрғындары “Алтын асық”, “Күлан” бағдарламаларына қызығушылық танытуда. Мал өсіріп, сапалы өт өндіремін, қымыз дайындаймын, одан түрлі өнімдер өзірлеймін деген малсак жандарға бұл бағдарламалар өте тиімді. “Қойдың сүті қорғасын” деген “Өкпін – 2002” жауапкершілігі шектеулі серіктестігі “Алтын асық” бағдарламасы бойынша асылтүкымды қой өсіру үшін 7 млн. 707 мың теңгеге 300 ұрғашы тоқты, алты қошқар алды. “Солтүстік Қазақстан ғылыми-зерттеу институты” жауапкершілігі шектеулі серіктестігімен түкымды асылдандыру жөнінде келісім жасады.

Ал “Кожанов А.С.” жеке кәсіпкерлігі “Күлан” бағдарламасы бойынша 2 млн. 860 мың теңгеге 11 бие, бір айғыр алды. Жалпы округ бойынша мал шаруашылығын дамыту үшін сомасы 4 млн. 486,0 мың теңге субсидия берілді.

Жеке қосалқы шаруашылығын дамыту үшін округ тұрғындары – Е.А. Крысальная (жүк тасымалдау), И.А. Сафин (күс шаруашылығын дамыту үшін), Т.С.Кайыров (мал шаруашылығына) “Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры” акционерлік қоғамы арқылы 8 млн. 600 мың теңге несиеленді.

Сонымен қатар Елбасы елдің жалпы ішкі өніміндегі шағын және орта бизнестің үлесі 2050 жылға қарай кем дегенде 50 пайыз болуын қамтамасыз етуді тапсырды. Бүгінгі таңда Благовещенка ауылында 20 сауда-саттық нысаны, базар, дәріхана, жанармай және газбен қамтамасыз ететін бекет, екі шаштараз, шағын наубайхана, шиножондеу орталығы жұмыс істейді.

Откен жылдың аяғында “Династия-Агро” жауапкершілігі шектеулі серіктестігі өз қаражатына майлы дақылдарды өңдейтін цех ашты. Осындай ұмтылыстардың арқасында жана жұмыс орындары пайда болып, ауыл тұрғындары еңбекке араласты.

Елбасының: “Бүдан былай Қазақстан азаматтары өз бизнесін жүргізу үшін ауылда да, қалада да 16 миллион теңгеге дейін шағын несиелен ала алады. Шағын несиелен беру аясын кеңейтіп, кәсіпкерлерге кепілдік жасау және қызмет қорсету тетіктерін белсенді пайдалану керек. Бұл шараларды бизнес жүргізу және қаржылық сауаттылыққа үйрету ісін ұйымдастырумен қатар атқару керек. Жаппай кәсіпкерлікті қолдау тетіктерін одан әрі жетілдіру керек. Қазақстанның әр өңірі жаппай кәсіпкерлікті, соның ішінде отбасылық кәсіпкерлікті дамыту бағытында кешенді шаралар ұсынуга тиіс”, – деген тапсырмасы бұл саланың одан әрі жандануына септігін тигізері сөзсіз. Бұл ауыл тұрғындарының әлеуетін қотерудің бірден-бір жолы.

Откен кезеңде тұрғындарды жұмыспен қамту, уақытша жұмыссыздарды еңбекке қотеру қорғамдық жұмыстарға тарту және қайта даярлау мен оқыту аясында 191 адам еңбекке араласты. “Жұмыспен қамтудың жол картасы – 2020” бағдарламасы аясында 9 адам еңбек нарығында сұранысқа ие кәсіби мамандықтар бойынша оқуға жіберілді.

Елбасы өзінің биылғы Жолдауында атап өткен төртінші басымдық – адами капиталдың сапасын жақсарту. Жалпы адами капитал дегеніміз не? Адами капитал дегеніміз – еңбек ресурсын жақсарту үшін жасалған инвестиция. Құдайға шүкір, халқымыздың 100 пайызы білімді деп айта аламыз. Сол себептен де осы 25 жыл ішінде Қазақстан елеулі табыстарға жетті. Ендігі міндет – білім беру жүйесінің ролін өзгерту, IT-білімді, қаржылық сауаттылықты қалыптастыруға, ұлтжандылықты дамытуға баса көңіл болу, қала мен ауыл мектептері арасындағы білім беру сапасының алшақтығын азайту.

Бүгінгі таңда округте 639 баланы білім нәрімен сусындатып отырған үш орта мектеп бар. Округтің орта мектептері компьютермен, басқа да заманауи құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілген. “Балапан” бағдарламасы аясында мектептер жанынан үш шағын-орталық ашылды. Благовещенка №2 орта мектебінде жақын маңдағы ауылдардың балалары алаңсыз білім алуы үшін интернат бар. Қазір онда 40 бала тұрып, білім алуда. Апта сайын бұл балалар арнайы бөлінген көлікпен үйлеріне барып тұрады.

Елбасы әлемді өз тұрақтылығы, келісімі және бейбітшілігімен тамсандырған еліміздің креативті жастары алдағы уақытта келешегімізді кемелдендіретініне сенімді. Біз өмір сүріп отырған ғасырда мемлекетіміздің болашақ дамуын интеллектуалды адами капитал айқындайтын болса, округіміздегі білім саласы мамандары осы бағытта қажырлы еңбек етіп жатқаны сөзсіз.

Білім берумен қатар денсаулық сақтау жүйесі де өзгеруге тиіс. Әсіресе, міндетті медициналық сақтандыру жүйесіне басымдық беріліп отыр. Биылғы 1 шілдеден мемлекеттің, жұмыс берушілердің, азаматтардың ортақ жауапкершілігіне негізделген міндетті медициналық сақтандыру жүйесі енгізіле бастайды. Медициналық сақтандыру жүйесіне қатысушыларға кен ауқымдағы медициналық қызметтер ұсынылады. Оған халықтың әлеуметтік әлсіз топтарының қатысуына мемлекеттік қолдау көрсетіледі.

Осы орайда Елбасы: “Үкімет қажетті деңгейде денсаулық сақтау саласын ақпараттандыруы керек. Бәсекелестікті дамыту үшін жеке меншіктегі медицина мекемелеріне ММСЖ аясында тең жағдай тудыру керек. Үкіметке және әкімдерге кен ауқымды ақпараттық-түсіндіру жұмысын жүргізуді тапсырамын”, – деді.

Бүгінгі таңда бұл тапсырманы орындау үшін жүйелі жұмыстар атқарылуда. Округте 5 медициналық мекеме – облыстық наркологиялық орталық, дәрігерлік амбулатория, ауылдық аурухана, екі медициналық бөлімше бар. Онда 180 адам жұмыс істейді.

Дәрігерлік амбулаторияда клиника-диагностикалық зертхана, ренген-флюорография, физиотерапевтік, дені сау балалар, ем-шара, тіс емдеу кабинеттері бар. Стационар бөлімі 15 орынға шакталған.

Жолдауда айтылған, бүгінде жергілікті жерде жүзеге асырылып жатқан тапсырмалардың барлығы – әлемдік дағдарыстың әрбір сәтіне ерекше дайындығымызды пысықтап, ел экономикасын дамыту мен халықтың тұрмысын жақсартып, табысы жоғары ел қатарына қосу үшін жасалып жатқан жұмыс. Тәуелсіздіктің ширек ғасырында қыруар шаруа атқарылып, толайым табыстарға бастаған тыңдырымды тірліктер жасалды. Бүгінде алпауыт әлем елдері санасатын күнге жеттік. Ендігі кезеңде, еліміздің экономикалық қуаты одан әрі бекіп, халықтың әл-ауқаты арта түсуі үшін жұмыла еңбек етуіміз қажет. Бейбітшілік пен тыныштықтың нұрлы жолынан танбай келе жатқан мемлекетіміздің келешегі сонда ғана бұдан да кемелдене түсері анық.

Тұрмыс ИМАНЖАНОВ,

Благовещенка ауылдық округінің әкімі.

Жамбыл ауданы.